

егемен

Азатстан

## Жол қадірін жүрген білер



«Сол күндердегі мына бір жағдай есімде. Барлық газет-журналдар редакцияларының коммунистерін, әрине, ішінде «Социалистік Қазақстанның» партия мүшелері де бар, Фрунзе аудандық партия комитетіне шұғыл шақырды. Барсақ, аупартком алдындағы шағын алаң адамға толып тұр. Бір кезде біреулер келіп, жұртқа кесілген темір шыбықтар тарата бастады. Сөйтсек, коммунистерден «халық жасақшылары» құрылып жатыр екен. Әлгі темір шыбықтар біздің «ұлтшылдарға» қарсы қолданар қаруымыз болуы керек екен. Шошып кетіп, газет бас редакторының бірінші орынбасарымен бірге (мен редакциядағы бастауыш партия ұйымының хатшысы едім) аупарткомның бірінші хатшысы Нұртай Әбіқаевқа кіріп, мұның жөнсіздігін, қауіптілігін айттық. Ол кісі дереу ғимарат алдына шықты да қолына мегафон алып, ешкімнің де қаруланбайтынын, ешкім де ешкімді жазалауға аттанып бара жатпағанын, тек көшелерде қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалау керектігін жеткізді. Кесілген темір шыбықтарды жұрттың қолынан сол арада жинаттырып алдырды».

Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылы шыққан «Өмір өткелдері» атты сұхбат кітабынан үзінді. Мұнда сұхбаттасушы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларын еске ала отырып, әңгіме айтушыны сын сағаты соққан сәттегі халық өмірінің тауқымет-талайы туралы толғам-толғаныстарға шақырады. Иә, шын мәніндегі сын сағаты. Барлығына бірдей. Әркім үшін. Әсіресе, биліктің міндет-парызы жүктелгендер үшін. Солардың бірі Фрунзе аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Нұртай Әбіқаев болатын. Осы сыннан ол сүрінбей өте білді. Сонау алмағайып күндерде өзінің саяси ұстанымын ғана емес, тегінен дарыған тарпаң өжеттігін де танытты. Себебі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде үлкен аппараттық мектептен өткен тәжірибелі партия қызметкері ретінде оған халық жасақшыларын арматура кеспелтектерімен қаруландыру идеясының алдын ала жоғары жақта

келісілгені жақсы мәлім еді. Айтқандай, бұл батыл шешім табан астында, шұғыл қабылданды, оған газеттің бас редакторының бірінші орынбасары Сарбас Ақтаев екеуміз куә болдық. Өйткені, бірінші хатшы жиналғандардың алдына дереу бізбен бірге шығып, бірден өзіне мегафон беруді талап етті де, арматура кеспелтектерін жинап алуды бұйырды. Бұл жайындағы әңгіме қалаға тез тарап кетті. Көп ұзамай басқа аупарткомдар да оның үлгісіне ерді. Бұл жайт шиеленісіп тұрған жағдайды тұрақтандыруға әжептәуір күшті серпін беріп септесті. Саясаттанушылар мен көсемсөзшілер Нұртай Әбіқаевты саясаттың ұзағынан сүйіндірер саңлақтары санатына баяғыда-ақ қосып қойған-ды. Мұндай абыройға әуелі адамның өзі талаптанып жетуі керектігі түсінікті. Ал содан кейін шын мәнінде де мықты екенінді күнделікті іс-әрекетіңмен дәлелдеп айғақтап отыру әдет-дағдыға айналады. Егер адамға зияттылық, қабілет пен мінез-құлық сипаттары тумыс-тегінен дарып, тәрбие мен білім ата-анасы мен ұстаздар арқылы берілсе, ал саналы ересек өмірдегі оның барлық жетістіктері өзінің мақсатты еңбегіне байланысты болады. Заңғар Толстой: «Әрбір адам – өз әрекеттерінің перзенті» деп тегін айтпаған.

...Соңғы жылдары биік мінберлерден де, халықтың қалың ортасында да неғұрлым еңбегі сіңген дарынды, лайықтылардың билігі – меритократия қағидасы туралы жиі айтылуда. Көп адамдар басқарудағы жас кадрлардың өздеріне әзірленген орынтаққа бірден қонжиып отыра қалмай, мансап биігіне ең төменнен бастап сатылап көтерілуі пайдалы деп есептейді. Осы тұрғыдан келгенде, Нұртай Әбіқайұлының еңбек жолы қалай қалыптасқанына сол жолдың басында тұрған әрбір саясаткер, әкімгер, мемлекеттік қызметкер қызығып, үлгі тұта алар еді. Нұртай Әбіқаев Алматы облысындағы Жамбыл ауданының Жамбыл ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң ол білімін жалғастырып жоғары оқу орнына түсуге бел буады. Әлбетте, Сүйінбай мен Жамбыл сынды ұлы жыршы-жыраулардың поэзиясымен тыныстаған тау мен дала ұланының гуманитарлық бағытқа бет бұрғаны табиғи қалыпқа сыйымды еді. Өйткені, бұл жер батырлар мен акындардың мекені ғой. Бірақ ол техникалық саланы таңдап, 1965 жылы Свердловск қаласындағы С.М.Киров атындағы Орал политехникалық институтына түседі. Нақ осы арада оның мұндай таңдау жасауына, басқа да жағдайлармен қатар, осы өңірдің өзге бір тумасы – сол кездің өзінде қырандай самғауына жерлестері әбден қанық болып үлгерген Қазақстан Магниткасының озаты, жас металлург Нұрсұлтан Назарбаевтың өскелең абырой-беделі де игі әсерін тигізгені анық. Кеңестік заманда Свердловск делінген Екатеринбург қаласының Оралдың астанасы атануы тегін емес. Ерте кездерден бері осынау стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі алуан түрлі ресурстарға бай өңір өнертапқыштық пен техникалық прогрестің ошағына айналған-ды. Алыстағы ауылдан келген 17 жастағы өспірім бүкіл Одақ көлемінде аса беделді ЖОО-дағы қатаң бәсекеге төтеп беру үшін қандай өжет, ішкі сенімі қаншалықты тегеурінді әрі төзімді болу керек еді десенізші! Бірақ, кез келген ЖОО профессорларына мәлім бір нәрсе сол, көбіне-көп зерделі әрі табанды ауыл балалары 3-курста-ақ қалалық өрендерді қуып жетіп, ал оқудың соңына

қарай оза шауып, көш бастайды. Сөйтіп, 1970 жылы Нұртай Әбіқаев Свердловск политехін сәтті бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шығады. Екі жыл әскерде танк взводының командирі болған ол 1972 жылы халық арасында АЗТМ аталып кеткен Алматы ауыр машина жасау зауытында аға инженер, инженер-конструктор қызметтерінде жұмыс істей бастайды. Бұл арада мына жайтты атап көрсету керек: сол бір жылдарда инженерлік-техникалық кадрлар мен индустриялық нысандар басшыларының арасында жергілікті ұлт өкілдері мүлдем аз болатын. Әлі отызға да толмаған инженер-конструктор Нұртай Әбіқаев өндірістік жоспарлар мен тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін, қазір айтып жүргеніміздей, әжептеуір бәсекеге қабілеттілікке ие болуы, сондай-ақ, жұмысшылармен де, зауыт элитасымен де оларға түсінікті тілде сөйлесе білуі тиіс еді. Осы арада меңгерген білім мен тәжірибе, жана жолдастық байланыстар келешекте оның алдынан талай рет жақсылық болып оралып отырды. Айтқандай, ол өмір бойы өзін өзі шыңдаумен, қамшылаумен келеді. Көптеген жылдар бойы экономика тақырыбында кандидаттық, докторлық диссертацияларын дайындап, Мәскеуде, Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ғылыми кеңесінде сәтті қорғап шықты. Болашағы зор әрі жас, сонымен бірге, жұмысшылар ортасында кеңінен белгілі әрі беделді инженер-коммунистің көзге ілікпеуі мүмкін емес-ті. Сөйтіп, 1976 жылы оны Компартияның Алматы қаласындағы Әуезов аудандық комитетінің нұсқаушысы қызметіне шақырады, көп ұзамай ол онда бөлім меңгерушісі болды. Бұдан әрі мансап жолында тасы тек өрге домалады: 1980-1984 жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің нұсқаушысы, 1984 жылы – Қазақстан Компартиясы ОК хатшысының көмекшісі, 1984-1985 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының көмекшісі, 1985-1988 жылдары – Қазақстан Компартиясы Фрунзе аудандық комитетінің бірінші хатшысы, 1988-1989 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының көмекшісі, 1989-1990 жылдары – Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысының көмекшісі. Менің есімде әсіресе, оның Фрунзе аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіндегі жұмыс кезеңі жақсы сақталып қалды. Редакция партбюросының хатшысы ретінде әртүрлі жиналыстарға, пленумдарға, есеп беру-сайлау конференцияларына қатысуыма, партиялық жарна туралы есептер жөнелтуіме, партия жиналыстарының хаттамаларын аударуыма тура келетін... Ал бірде тіпті, аупартком бюросының отырысына қатысқаным бар. Мен онда жеке өміріндегі бір кілтипан үшін партия жиналысында өзіміз ауызша сөгіс жариялаған журналисті қорғап сөйледім. Оның алдында кіл партия ардагерлері кіретін партия комиссиясының мүшелері біздің шешімді жұмсақ («коммунистің тәртіп бұзуына ымырашылдық таныту») деп бағалағаны әлі есімде) деп тауып, бюроға оған КОКП мүшесінің есеп кәртішкесіне жазылған қатаң сөгіс жариялау туралы мәселе қарауды ұсынған еді. Бюро отырысында Нұртай Әбіқайұлы өзін ысылған басшы, жас та болса парасатты адам ретінде көрсетті. Қарап тұрсақ, сол кезде қырыққа да толмаған екен-ау. Жанағы мәселені қорытындылай келе, ол былай түйіндеді: бастауыш партия



ұйымының жиналысында коммунистке берілген жаза оның айыбына сай деп саналсын, ал партбюро хатшысының хабарламасы қаперге алынсын...

Егер Нұртай Әбіқайұлы өмірдің қилы-қилы құбылыстарына байыптап терең бойламаса, бұл оқиға жаңағы азаматтың өмірінде алдынан шығуы да әбден мүмкін еді. Өкінішке қарай, асығыс-үсігіс қабылданатын кейбір шешімдердің адамның сағын сындырып, тағдырын тәлкекке салатыны болатынын біз жақсы білеміз. Нұртай Әбіқаев президенттік институттың және оның бас штабы – Президент Әкімшілігінің қалыптасуында үлкен рөл атқарды. 1990 жылдың мамырында ол Қазақ КСР Президенті Кеңсесінің басшысы болып тағайындалды, 1990-1991 жылдары ол Қазақ КСР Президенті Аппаратының басшысы, 1991-1994 жылдары – Президент және Министрлер Кабинеті Аппаратының басшысы. Ал 1994-1995 жылдарда – Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының басшысы. Кейін 2002-2004 жылдарда ол тағы да ел Президенті Әкімшілігінің басшысы болып жұмыс істеді. Саясаттанушы һәм көсемсөзші Махмұт Қасымбеков өзінің «Тұңғыш» деген кітабында бас-тапқыда Президент Кеңсесі деп аталған бөлімшенің бір кезде ең алғашқы президенттік құрылым және қазіргі Президент Әкімшілігінің ізашар түпқазығы болғаны жайында жазды. Кеңсе қарқынды қалыптасып, оның төңірегінде дәйекті түрде бүкіл мемлекеттік билік жүйесі жасақталды. Әуелгі кездерде Кеңсе Орталық Комитет аппаратымен қатар-қапталдас өмір сүргендіктен Президент Әкімшілігінің барлық қызметкерлеріне президенттік институттың айқын және құпия қарсыластарымен кәдімгідей текетірес, ескі мен жаңаның, кертартпа мен озықтың күресі жағдайында жұмыс істеуге тура келді. Қазақстан халқының дербес саяси ұйымдасуға қабілеттілігі жайында ой түйіп, сөз етуді де қаламаған және президенттік билікті менсінбеген олар кейде: «Ей, президенттің жігіттері, әзірге еркелеп ойнай тұрыңдар, бірақ кезі келгенде біз сендердің әкелеріңді танытамыз!..» деп ашық айтатын. Оларға салқынқандылықпен табанды тойтарыс бергендердің алғы шебінде Президент Аппаратының басшысы Нұртай Әбіқаев болды. Осындай пікір қайшылығынан ескі жолдастық қатынастар үзілген, бір кездегі жақсы достар айырылысып тынған жағдайлар да ұшырасты... Адамдар санасындағы өзгеріс жолындағы осынау қиын күресте кімнің жеңіп шыққаны айтпай-ақ түсінікті болар деп ойлаймын. Өзі ә дегеннен басында тұрған президенттік әкімшілік пионерлерінің бірі болғандықтан, мен Нұртай Әбіқайұлының зор ұйымдастырушылық таланты туралы құлақпен естіген емес, көзбен көрген әңгімені ғана айтамын. Бірнеше жыл қатарынан Президент Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, бірінші орынбасары қызметін атқара жүріп, мен Нұртай Әбіқайұлының үлкен істерді асығып-аптықпай, жөнсіз әуірімдемей, кез келген мәселені тыңғылықты зерттей келе жеріне жеткізетініне қайран қалатынмын. Ол, әсіресе, басшы кадрларды іріктеу және орналастыру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға аса мұқият қарайтын. Басшы кадрларды ғана емес, ол аппараттың өзінің жұмысын ұйымдастыруға да көп көңіл бөлетін. Тәуелсіздіктің таңсәрі жылдарында жас мемлекеттің алдында іс қағаздарын жүргізу мен құжат айналымының жаңа жүйесін құру мәселесі тұрды. Мемлекеттік қызметшілерді жаңа нұсқаулықтармен және

әдістемелік ұсыныстармен, заманауи терминологиялық және лексикографиялық базамен жабдықтау қажет еді. Сонымен қатар, іс қағаздарын жүргізуге қазақ тілін енгізу қолға алынып, оның ресми іскерлік қатынастағы функциялары кеңейтіле бастады. Бұл қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нақты орнықтыруға бағытталды. Жылдар өткенде әріптестер мен өз қарауындағылар осынау барлық қарбалас істер мен пайдалы бастамаларда

Нұртай Әбіқайұлының мемлекетшілдік ерік-жігер мен әдеп-парасат танытып, үнемі қолдап отырғанын алғыс сезімімен еске алады. «Елдестірмек – елшіден» деген сөзді біздің бабаларымыз ерте кезден-ақ айтып кеткен. Дипломатиялық қызмет – Нұртай Әбіқайұлының азаматтық келбеті мен қайраткерлігінің тағы бір қыры. Әр жылдары ол Қазақстан Республикасының Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы (Швеция Корольдігінде, Норвегия Корольдігінде қоса атқарған) (1995-1996 жж.), Ресей Федерациясындағы (2007-2008 жж.) Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары (2000-2002, 2008-2010 жж.) болды. Тәуелсіз Қазақстанның тарихына жетік әр адам Мемлекет басшысының сол бағыттарда және сол жылдарда Қазақстанның сыртқы саясатының алдына қандай басым міндеттер қойғанын білетіні хақ. 1998-1999 және 2010-2015 жылдары генерал-майор Н.Әбіқаев Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарды. Оның өмірбаянының осынау дерегінен біз сыртқы саясат пен ішкі қауіпсіздік егемен елдің ұлттық мүддесі деп аталатын біртұтас мән-мазмұнның қос қанаты екендігінің тағы бір айқын айғағын көреміз. 2004-2007 жылдары Нұртай Әбіқаев депутат, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болды, ал 2015 жылы сенаторлық қызметке қайта шақырылды. Н.Әбіқаевтың еңбегі жоғары мемлекеттік марапаттармен атап өтілді. Олардың ішінде «Парасат» (2001 ж.) және «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» (2007 ж.) ордендері бар. Осы орденнің атауы назар аудартады. Нұртай Әбіқаевтың Тұңғыш Президент – Елбасына алабөтен адалдығы, жанпидалық жанашырлығы Азаматқа, Тұлғаға, Тәуелсіздікке қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі болып табылатындығы күмәнсіз. Патриот әрі мемлекетшілдің, генерал әрі дипломаттың, ғалым әрі халық қалаулысының мерейжасқа байланысты асығыстау сұлбаланған осынау портретіне оның өзім байқаған жеке болмысын, адами қасиеттерін қоса келтіріп өтпесем, әлбетте, әлдене жетпей тұрар еді.

Нұртай Әбіқайұлының адами сергектігіне мынадай мысал келтіре аламын. Ұлыбританияда елші болып жүрген Ерлан Ыдырысов 2007 жылы мені (ол кезде «Егемен Қазақстан» газетінің басшысымын) Лондонға, белгілі ағылшын жазушысының Қазақстан туралы кітабының тұсаукесеріне шақырды. Тұсаукесер рәсімінен кейін Ерлан Әбілфайызұлынан, алдын ала телефон арқылы келіскендей, біздің басылым үшін сұхбат беруін өтіндім. Ол бұған, әрине, қарсы емес, тек сұхбат уақытын ертеңге ауыстыруды қалайды. Неге екені белгісіз, таңғы әңгіме тәуір болады деп нығарлайды... Мен де қояр емеспін. Лондонда шыққан жаңа кітап жайлы ақпаратты басқалардан бұрын

жазып көрсеткіміз келеді-ақ. Әрі Лондонның қақ төрінен. Осы кезде елші өтінішінің шын себебі ашылды. Мен үшін күтпеген жерден кабинетке Нұртай Әбіқайұлы кіріп келді. Ол кісі осында іссапарда жүр екен. Сірә, бір жаққа бірге баруға келіссе керек. Өзімнің Нұртай Әбіқайұлымен бұрыннан таныстығымды пайдаланып, мен енді оның көзінше елшінің сұхбатты бүгін, дәлірек айтқанда, тап қазір беруін өтіне бастадым. Сол арада Нұртай аға Ерланға: «Біздің күйіп бара жатқан шаруамыз жоқ. Мен күте тұрамын. Бетін қайтарма. Қане, сұхбатқа кірісіңдер», дегені. Сөйтіп, ағамыз біресе әлдебір кітаптарға үңіліп, біресе біздің әңгімемізге зейін салып, елшінің кабинетінде бір сағат дерлік былқ етпей отырғаны бар. Ол сұхбатты мен жедел жасап, материалды нөмірге салдырып үлгердім. Қай жағынан да қатып кетті.

Нұртай Әбіқайұлын көп жылдар бойы біле жүріп түйгенім, оның басты қасиеттері алғашқы көргенімде қандай болса, қазір де сол күйінде қалған. Әркез сергек, жинақы әрі шыныққан шымыр қалпында жүретіндігімен, айтқандай, ол сонау кеңес заманынан бері Қазақстан волейбол федерациясының президенті болып келе жатыр, сөзге сараң ұстамдылығымен ол, тіпті, бір қарап қалғанның өзінде ойлы, өз жүрегіне үңіле толғанған зерделі адам екенін аңғартады. Бұл әдейі қатаң болып көрінуі емес, оның табиғи күйі, шынайы болмысы. Сірә, содан болар, Нұртай Әбіқайұлы жадырап күлімдеген кезде айналасына нұр шашып, шаттық сыйлағандай әсер етеді.

Қазақтың нақылы «Жол қадірін жүрген білер» дейді. Бірақ сол жолдың өзінің де өмір сапарындағы әр жолаушының қадір-қасиетін тергеп-тексеріп, әділ бағасын беріп отырары және бар. Осы жол ұзақ, жарқын да жасампаз болсын деп тілейік!

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/zhol-qadirin-zhurgen-biler>